

**Ақсу негізгі орта мектебі КММ
ата-аналармен жұмыс бойынша 2023-2024 оқу жылында атқарылған
іс – шаралардың есебі**

Тәрбие жұмысының жоспарына сай 2023 жылдың 20 қыркүйегінде 2023-2024 оқу жылының алғашқы ата-аналар жалпы мектептік ата-аналар жиналысы өтті. Күн тәртібінде төмендегі мәселелер қарастырылды:

1. Ата – аналар комитетінің төрайымын тағайындау;
2. Жаңа оқу жылында өтілетін іс-шара жоспарымен таныстыру
3. Өмірдің уақытша қын кезеңдеріне кезіккен отбасыларға демеушілік көмектерін ұйымдастыру шаралары

Ата-аналар жиналысын мектеп психологы Г.Б. Китегулов ата-аналармен амандасып, “Автограф” атты тренингімен ашып берді. Жиналыстың 1 бөлімінде биылғы оқу жылында мектеп пен ата-ана арасындағы байланысты нығайту мақсатында ата-аналар комитетін сайлау керектігі айтылды. Ата-аналар бір ауыздан ата-ана М.К. Упетованы ата – аналар комитетінің төрайымы етіп сайлады. Одан әрі келесі мәселе бойынша ДТІЖО Р.Н. Айтекенова 2022-2023 оқу жылдарындағы тәрбие жұмысына анализ жасап, 2023-2024 оқу жылдарындағы тәрбие жұмысындағы өзгерістерге тоқталып, “Біртұтас тәрбие бағдарламасымен” таныстырылды. ДТІЖО Р.Н. Айтекенова мектебіміздің ішкі тәртібімен таныстырып, мектеп формасын сақтауға баса назар аудару қажеттігі туралы айтты.



З мәселе бойынша өмірдің уақытша қын кезеңдеріне кезіккен отбасылардың жоқ екендігі айтылды.

Қазан айында мектеп психологы Г.Б. Китегулов ата-аналармен кездесу ұйымдастырылды. Кездесу барысында окушылардың бос уақытын тиімді ұйымдастыру, ата-ана мен бала арасындағы байланысты нығайту мақсатында әңгімелесулер өткізу, сауалнамалар алу өткізілді. Мектеп бойынша ерекше назардағы окушылардың жоқ екендігі анықталды.

Қараша айында 8-9 сыныптың жетекшілері Н.М. Досмагамбетова мен А.Т. Жубаназарова «Бала өз міндегін дұрыс білгені жөн» тақырыбында ашық әңгімелесу өткізді. Мақсаты: ата-ана мен баласы арасындағы қарым-қатынасты нығайту, ата-ана мен мұғалім арасындағы байланысты күшету, мәселелердің алдын алу.



Қаңтар айында ДТІЖО Р.Н. Айтекенованаң ұйымдастыруымен «Дені сау, рухани бай үрпақ тәрбиелеудегі отбасы мен мектептің рөлі» тақырыбында дөңгелек үстел өтті. Дөңгелек үстел барысында ата-аналар өз ойларын ортаға салып, ой бөлісті. Бала тәрбиесіндегі маңызды мәселелерді талқылады.



Ақпан айында мектеп психолгы Г.Б. Китетулов «Бала тәрбиесі басты назарда» деген тақырыпта пікірсайыс өткізді

Наурыз айында аға тәлімгер Ш.С. Өтепбергенованаң ұйымдастыруымен «Өнегелі отбасы» тақырыбында ата-аналармен бірлескен сайыс өткізілді. Сайыстың мақсаты өнегелі отбасыларды дәріптеу, бала тәрбиесіндегі отбасының маңызын ашу.

Мамыр айында ата-аналар комитетімен бірлескен отырыс өтті. Отрыс барысында жыл бойы атқарылған жұмыстардың есебі тыңдалды, артықшылықтар мен кемшіліктер талқыланып, алдағы оқу жылында орындалуы тиіс шараларды жоспарға енгізу туралы ұсыныс атап берді.

Мектеп директоры м.а.  Р.Н. Айтекенова